



«Астана медицина университеті» КеАҚ
Интеграцияланған менеджмент жүйесі

«Астана медицина университеті» КеАҚ-тың
тұрақты даму саясаты

С-АсМУ-21-24
№ 1 басылым
13 беттің 1-беті



«Астана медицина университеті» КеАҚ
Басқармасының
2024 жылғы «13» қорқытпей
№ 19 шешімімен
бекітілді

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ-ТЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

С-АсМУ-21-24

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ОРТАЛЫҒЫ

ТҮПНҰСҚА / ОРИГИНАЛ

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ОРТАЛЫҒЫ

ТІРКЕУ №

38

19 09

20 24 ж.



АЛҒЫСӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕГЕН:**
 - Стратегиялық дамыту орталығы;
 - Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және мониторингілеу басқармасы;
 - Маркетинг және инвестициялық жобалар басқармасы;
2. **ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:**
 - Академиялық қызметті жоспарлау және дамыту орталығы
 - Стратегиялық дамыту орталығының басшысы, Р. М. Уримов;
 - Стратегиялық дамыту орталығының бас маманы, Д.К. Аханова;
 - Стратегиялық дамыту орталығының бас маманы, Е.Қ. Муратбек;
 - Маркетинг және инвестициялық жобалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы, Р.О. Сабденова;
 - Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және мониторингілеу басқармасының басшысы Д.Б. Таженов;
 - Академиялық қызметті жоспарлау және дамыту орталығының басшысы, А.К. Досанова
3. **ЕНГІЗГЕН:**
 - Стратегиялық дамыту орталығы
4. **БЕКІТІЛДІ:**
 - 2024 ж. «13» қараша № 19
5. **ҚОЛДАНЫСҚА**
6. **ЕНГІЗІЛДІ:**
 - 2024 ж. «13» қараша
6. **КЕЛІСІЛДІ:**
 - Проректор, Басқарма мүшесі, В.В. Койков;
 - Проректор, Басқарма мүшесі, А.Б. Жунусова;
 - Проректор, Басқарма мүшесі, М.А. Газалиева;
 - Проректор, Басқарма мүшесі, Д.Д. Сайдангазин;
 - Қаржы директоры, Басқарма мүшесі, Б.И. Мараджапов;
 - Атқарушы директор, Басқарма мүшесі, Н.Н. Маханбаева;
 - Басқарушы директордың міндетін атқарушы, А.С. Тиес;
 - Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы, А.К. Мухамбетова;
 - Сапаны қамтамасыз ету орталығының басшысы, К.К. Асылбаева
7. **ҚАЙТА ҚАРАУ**
7. **КЕЗЕҢДІЛІГІ:**
 - қажет болған жағдайда

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	С-АсМУ-21-24 № 1 басылым 13 беттің 3-беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тың тұрақты даму саясаты	

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе	4
2. Қолданылу саласы.....	4
3. Терминдер мен анықтамалар	4
4. Қысқартылған сөздер мен белгілер	4
5. Нормативтік сілтемелер.....	4
6. Жалпы ережелер.....	5
7. Негізгі бөлімі	6
8. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату	9
Келісу парағы	11
Өзгерістерді тіркеу парағы.....	12
Танысу парағы.....	13

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	С-АсМУ-21-24 № 1 басылым 13 беттің 4-беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тың тұрақты даму саясаты	

1. Кіріспе

1. «Астана медицина университеті» КеАҚ тұрақты даму саясаты (бұдан әрі – Саясат) тұрақты даму мақсаттарын ұйымдастырудың негізгі ұғымдарын, тәртібін және іске асыру шарттарын айқындайды.

2. Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

3. Саясаттың мақсаты – Біріккен ұлттар ұйымының кедейлік пен жоқшылықты жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікпен күресуге, планетаны қорғауға және бүкіл халық үшін бейбітшілік пен өркендеуді қамтамасыз етуге бағытталған жаһандық мақсаттарына қол жеткізу.

2. Қолданылу саласы

4. Осы Саясат Университет қызметкерлеріне қызметтік (лауазымдық) міндеттерін атқару кезінде және Университет білім алушыларына оқу кезеңінде қолданылып, таралады.

5. Осы Саясатты қолдану саласы қоршаған ортаны сақтауға және халықтың денсаулығын қорғауға елеулі үлес қосуға қабілетті экологиялық тұрақты, жауапты білім беру және ғылыми мекеме құру мақсатында Университет қызметінің барлық аспектілерін қамтиды.

3. Терминдер мен анықтамалар

6. Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) инклюзивті білім беру – білім берудегі ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс;

2) Өнім беруші – Тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

3) Университет қауымдастығы – бұл Университеттің өмірі мен қызметіне байланысты білім алушылар, оқытушы-профессорлар құрамы, әкімшілік персонал және басқа да қатысушылар ұжымы.

4) тұрақты даму – бұл университет өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға әсерін басқаратын және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтауды ескере отырып шешімдер қабылдайтын даму.

4. Қысқартылған сөздер мен белгілер

7. Осы Саясатта мынадай қысқартылған сөздер мен белгілер қолданылады:

1) БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы;

2) КеАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам;

3) PhD – Doctor of Philosophy – философия докторы;

4) СҚО – сапаны қамтамасыз ету орталығы.

5. Нормативтік сілтемелер

8. Осы Саясатта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер келтірілген:

1) БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы мақсаттары;

2) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы;

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	С-АсМУ-21-24 № 1 басылым 13 беттің 5-беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тың тұрақты даму саясаты	

- 3) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
- 4) Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII Заңы;
- 5) Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық кодексі;
- 2) Университет жарғысы;
- 3) Университеттің даму стратегиясы;
- 4) «Астана медицина университеті» КеАҚ корпоративтік басқару кодексі.

6. Жалпы ережелер

9. Университеттің стратегиялық басым бағыттарының бірі – білім беру, ғылыми және клиникалық қызмет, әлеуметтік инфрақұрылым, оның ішінде тұрақты даму саласындағы заманауи базасы бар жаңа университет құру. Университет өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға ықпалының маңыздылығын түсінеді, ұзақ мерзімді құнның өсуіне ұмтыла отырып, мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі ЖОО-ның тұрақты дамуына ықпал ететін болады.

10. Осы Саясатты қолданудың негізгі бағыттары:

1) білім беру қызметі: тұрақты даму қағидаттары және оның қоғамдық денсаулыққа әсері туралы хабардар кадрларды даярлауға бағытталған білім беру бағдарламаларын, модульдер мен пәндерді әзірлеу. Білім алушылардың экологиялық сауаттылығын қалыптастыру үшін климаттық өзгерістер, қоршаған ортаны қорғау және үнемді тұтыну туралы пәндерді оқу процесіне интеграциялау. Университеттің білім беру бағдарламалары мен білім беру ортасын ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың қажеттіліктеріне бейімдеу;

2) ғылыми-зерттеу қызметі: денсаулық сақтау саласында халықтың денсаулығына климаттық өзгерістердің әсерін зерделеуге және олардың салдарын азайту жөніндегі шараларды әзірлеуге бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізу. Климаттық өзгерістерге байланысты ауруларды емдеудің және алдын алудың инновациялық әдістерін әзірлеу;

3) ресурстарды басқару: энергия үнемдеу және су үнемдеу технологияларын енгізуді қоса алғанда, оқу және әкімшілік ғимараттарда энергия мен суды тиімді пайдалану. Қалдықтарды барынша азайтуға және оларды барынша өңдеуге, жасыл аймақтар құруға және қолдауға бағытталған қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу;

4) әлеуметтік жауапкершілік: қоғаммен және азаматтық қоғам ұйымдарымен тұрақты даму және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасу. Климаттың өзгеруі және оның денсаулыққа әсері туралы хабардарлықты арттыруға бағытталған қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру және қатысу;

5) корпоративтік басқару: Университеттің корпоративтік мәдениеті мен құндылықтарына тұрақты даму саясатын енгізу. Олардың орындалуын мониторингілеу және бағалауды қоса алғанда, тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі іс-қимыл жоспарларын әзірлеу және іске асыру;

6) әріптестік және халықаралық ынтымақтастық: тәжірибе алмасу, бірлескен зерттеулер жүргізу және медициналық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында климаттық тұрақтылық саласындағы үздік тәжірибелерді енгізу үшін тұрақты даму қағидаттарын бөлісетін медициналық мекемелермен және университеттермен серіктестік орнату.

11. Тұрақты даму қағидаттарын сақтау шеңберінде Университет:

1) білім алушылар, қызметкерлер мен қоғам арасында климаттың өзгеру проблемаларына және олардың адам денсаулығына әсеріне қатысты экологиялық сауаттылық пен хабардарлықты қалыптастыруға жәрдемдеседі;

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	С-АсМУ-21-24 № 1 басылым 13 беттің 6-беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тың тұрақты даму саясаты	

2) қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін энергияны, суды және басқа ресурстарды тиімді пайдалануға, сондай-ақ қалдықтар мен шығарындыларды азайтуға ұмтылады;

3) климаттық өзгерістерге және олардың адам денсаулығына әсеріне қарсы күрестің инновациялық әдістерін әзірлеуге бағытталған ғылыми зерттеулерді көтермелеп, қолдайды;

4) тұрақты даму мәселелері бойынша қоғаммен және азаматтық ұйымдармен өзара белсенді іс-қимыл жасауға, сондай-ақ хабардарлықты арттыруға және қоршаған орта проблемаларын шешуге жәрдемдесуге бағытталған қоғамдық іс-шараларға қатысады;

5) қоғам алдында өзінің тұрақты даму саласындағы іс-әрекеттері мен жетістіктері туралы ашық есеп береді, сондай-ақ өз іс-шараларының тиімділігін мониторингілеу мен бағалауға белсенді қатысады;

6) ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтары мен бостандықтарын басқалармен тең қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламаларына негізделген толықтырулар мен өзгерістердің интеграциясын қамтамасыз ете отырып, халықтың барлық топтарының білім алу қажеттіліктерін ескереді.

12. Тұрақты даму саласындағы сауаттылық пен білімді бағалау келесі құралдарды пайдалана отырып жүргізілуі мүмкін: *анкета/сауалнама* (климаттық өзгерістер, ресурстарды басқару, экологиялық сауаттылық және т.б. сияқты тұрақты дамудың әртүрлі аспектілерін қамтитын); *жобалар мен жұмыстарды талдау* (тұрақты даму тақырыбына байланысты жобаларды немесе зерттеулерді бағалау); *портфолио* (тұрақты дамуға байланысты іс-шараларға қатысуын және білімін көрсететін жұмыстарды, жобаларды, презентацияларды және басқа да материалдарды қамтитын білім алушылардың портфолиосы); *кейс-стади* (білім алушылар өз білімдері мен дағдыларын тұрақты даму проблемаларына байланысты нақты немесе имитацияланған сценарийлерде қолдана алатын кейс-стади немесе рөлдік ойындар өткізу); *сараптамалық сұхбаттар мен талқылаулар* (қатысушылардың білім деңгейі мен түсінігін бағалау үшін тұрақты даму саласындағы сарапшылармен сұхбат немесе фокус-топ форматындағы талқылаулар өткізу); *өзін-өзі бағалау және рефлексия* (білім алушылардың тұрақты даму саласындағы білімдеріне, сенімдері мен практикаларына қатысты өзін-өзі бағалауы мен рефлексиясын жүргізу. Бұл рефлексивті эссе жазуды, күнделік жүргізуді немесе топтық пікірталастарға қатысуды және т.б. қамтуы мүмкін).

13. Университеттің тұрақты даму саясатының сақталуын бақылау мен мониторингілеу осы міндеттер функциялық міндеттеріне кіретін жауапты алқалы орган жүзеге асырады.

7. Негізгі бөлімі

14. Климаттың өзгеруімен күресу саясаты:

1) климаттың өзгеруімен күресу саясатының мақсаты:

парниктік газдардың шығарындыларын азайту;

климаттық өзгерістерге және олардың денсаулыққа әсеріне қатысты білім алушылар, қызметкерлер және қоғам арасында хабардарлық пен білім беруді арттыру;

университет қауымдастығында экологиялық тұрақты тәжірибені насихаттау;

денсаулық сақтау саласындағы климаттық өзгерістерді азайту және бейімдеу үшін инновациялық шешімдерді зерттеу және әзірлеу;

2) осы Саясатты іске асыру үшін қабылданатын шаралар:

энергияны үнемдеу және тиімділік:

оқу және әкімшілік ғимараттарында энергия тиімділігі бар технологиялар мен жабдықтарды енгізу;

қызметкерлер мен білім алушылардың энергия мен суды тұтынуды азайту қажеттілігі туралы хабардарлығын арттыру;

тиімділікті жақсарту үшін облыстарды анықтау мақсатында ресурстарды тұтынудың тұрақты мониторингі мен аудитін жүргізу;

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	C-АсМУ-21-24 № 1 басылым 13 беттің 7-беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тың тұрақты даму саясаты	

қалдықтарды басқару:

Университет аумағында қалдықтарды қайта өңдеу бағдарламасын кеңейту;

бір реттік пластиктен жасалған бұйымдарды пайдалануды азайту және экологиялық таза баламаларды пайдалануды арттыру;

білім алу және хабардарлық:

климаттың өзгеруіне және оның денсаулыққа әсеріне байланысты білім беру бағдарламаларын, оқыту курстарын әзірлеп, енгізу;

Университет қызметкерлері мен қоғам үшін климаттық өзгерістер және олардың адам денсаулығына әсері мәселелері бойынша семинарлар, дәрістер мен іс-шараларды тұрақты өткізу;

ғылыми зерттеулер:

климаттың өзгеруі және олардың денсаулыққа әсері туралы зерттеулерді қаржыландыру және қолдау;

климаттық өзгерістердің денсаулыққа әсерін азайту үшін инновациялық шешімдерді әзірлеуге бағытталған ғылыми-зерттеу жобаларын ынталандыру.

15. Тұрақты инвестициялау саясаты:

1) тұрақты инвестициялау саясаты – бұл Университеттің материалдық-техникалық базасын сатып алуға және жаңғыртуға, білім беру, ғылыми, басқару инфрақұрылымының жұмыс істеуін және жаңғыртылуын қамтамасыз етуге, әлеуметтік, экологиялық және этикалық қағидаттарды ескере отырып, инновациялық жобаларды құруға және дамытуға бағытталған қаржылық операциялар кешені;

2) тұрақты инвестициялау саясатының мақсаты – Университетте білім беру және ғылыми қызмет салаларын, материалдық-техникалық базаны дамытуға арналған кірістер мен шығыстарды үйлестіруге негізделген тұрақты теңдестірілген инвестициялау жүйесін құру;

3) тұрақты инвестициялау қағидаттары мыналарды қамтиды:

Университеттің тұрақты даму саясаты мен инвестициялаудың қатынасы;

жауапкершілік;

әділдік;

ашықтық;

ұзақ мерзімділік;

экологиялық тазалық;

әлеуметтілік;

бәсекеге қабілеттілік;

4) тұрақты инвестициялаудың міндеттері:

залалсыз инвестициялық қызметті ұйымдастыру;

Университет ұсынатын жалғыз акционердің, инвесторлардың, қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету;

инвестициялау процестерін тиімді басқарудың прогрессивті формалары мен әдістерін қолдану;

Университет инвестицияларының жалпы құрылымында инновациялар мен ғылыми зерттеулерді көздейтін жобалардың инфрақұрылымына инвестициялар үлесін ұлғайту;

Университеттің қызмет алушылары үшін тең мүмкіндіктер беру;

экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды пайдалана отырып, еңбек және материалдық ресурстарды тиімді және ұтымды тұтынуды қамтамасыз ету;

бірлескен қызмет үшін парниктік газдар шығарындыларын азайту, энергия тиімділігі, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мақсаттарды көздейтін экологиялық тұрақты серіктестер пулын құру;

ішкі және сыртқы әлеуметтік бағдарланған бағдарламаларды іске асыру.

16. Тұрақты сатып алу саясаты:

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	С-АсМУ-21-24 № 1 басылым 13 беттің 8-беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тың тұрақты даму саясаты	

1) Университет тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға ақшалай қаражатты үнемді жұмсауды және тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ететін Өнім берушіні таңдаудың ашық рәсімдерін пайдалану саясатын ұстанады;

Университет тауарларды, көрсетілетін қызметтерді немесе жұмыстарды сатып алу кезінде қаржылық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер арасында тиісті тепе-теңдікке қол жеткізуге ұмтылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес барлық мүдделі тараптармен заңды, тұрақты және өзара тиімді әріптестік қатынастар құруға мүдделі;

2) сатып алуды жүзеге асыру кезінде Университет мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

Университеттің қажеттіліктері үшін тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге сатып алуларды орналастыру бойынша заңнама талаптарына толық сәйкес қызметті ұйымдастыру;

сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезінде экономикалық тиімділік пен әлеуметтік жауапкершілікті арттыру;

жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың сатып алуға қатысуы үшін мүмкіндіктерді кеңейту; адал бәсекелестікті дамыту;

сатып алулардың жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету, оны бірыңғай ақпараттық жүйеге орналастыру арқылы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету;

сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық пен басқа да теріс қылықтардың алдын алу;

еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының негізгі нормаларын сақтау;

сатып алынатын өнімнің энергия тиімділігі көрсеткіштері мен инновациялық сипаттамаларын есепке алу;

3) сатып алуды ұйымдастыру процесінде Университет іскерлік практиканың мынадай қағидаттарын бөлісетін жеткізушілер мен мердігерлерге артықшылық беруге ұмтылады:

ақпараттық ашықтық, теңдік, кемсітушіліктің болмауы;

бәсекелестіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

барлық мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастарда парасаттылық, әділдік және адалдық негізінде сатып алу қызметін жүргізудің заңнамасы мен этикалық нормаларын сақтау;

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, қауіпті заттармен тиісінше жұмыс істеу стандарттарын, энергетикалық менеджмент сапасын және Университетте қабылданған басқа да стандарттарды сақтау;

халықаралық стандарттар негізінде басқару процестерін жетілдіру саясатын ұстану;

экологиялық аспектілерді есепке алу, жабдықтарды жаңғырту және қазіргі заманғы ресурс үнемдеуші, энергия тұрғысынан тиімді және анағұрлым экологиялық технологияларды енгізу арқылы қоршаған ортаға теріс әсерді азайту, экологиялық менеджмент саласындағы үздік тәжірибелерді қолдану, сондай-ақ осы саладағы қызметкерлердің қажетті құзыреттерін қалыптастыру;

өндірілуі екінші рет қайта өңдеуге жататын экологиялық таза шикізатты пайдалана отырып жүзеге асырылған, қоршаған ортаға ең аз әсер ететін заттарды сатып алу.

17. Теңдік, әртүрлілік және инклюзия саясаты:

1) теңдік, әртүрлілік және инклюзия саясаты теңдік пен әртүрлілікке оң көзқарасты ынталандыруға, сондай-ақ Университеттің оқытушы-профессорлар құрамын, қызметкерлерін, білім алушылары мен серіктестерін қоса алғанда, барлық мүшелерге әділ, лайықты және құрметпен қарауды қамтамасыз етуге бағытталған;

2) теңдік, әртүрлілік және инклюзия – бұл барлық жұмысшылар үшін әділ қарым-қатынас пен мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін саясат. Саясат жеке тұлғаның нақты аспектілеріне байланысты алалаушылық пен кемсітушілікті жоюға бағытталған. Университеттегі теңдік, әртүрлілік және инклюзия саясаты Университет қауымдастығының барлық мүшелері үшін қолдау көрсететін және қамтитын ортаны құруда маңызды рөл атқарады.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	С-АсМУ-21-24 № 1 басылым 13 беттің 9-беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тың тұрақты даму саясаты	

3) Университеттің мақсаты теңдікті, әртүрлілікті және инклюзияны көтермелеу және қолдау болып саналады;

4) Университеттің міндеттері:

білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету;

кемсітушілікке қарсы күресу;

кадрлар мен мәдениеттегі әртүрлілікті насихаттау;

мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды қолдау;

5) саясатты қолдану:

саясат Университет қауымдастығының барлық мүшелеріне қолданылады:

Университеттің барлық қызметкерлері, оның ішінде толық лауазымдық тұлғалар да, толық емес жұмысшылар да өз жұмысының шеңберінде саясатты сақтауға міндетті;

азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша қызмет көрсететін орындаушылар: Университет аумағында жұмыс істейтін немесе оның мүддесі үшін қызмет көрсететін сыртқы орындаушылар да Саясатты ұстануға тиіс;

бакалавриат, резидентура, магистратура және PhD докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар да адам құқықтарының әртүрлілігін, инклюзиялылығын және құрметтелуін ынталандыратын элементтерді қамтуы тиіс;

6) өз қызметін жүзеге асыру кезінде Университет мынадай қағидаттарды ұстанады:

кемсітушілікке тыйым салу және теңдікті, әртүрлілікті және инклюзияны қамтамасыз ету саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын және халықаралық нормаларды сақтау;

барлығына бірдей мүмкіндіктер беру;

қоғамдағы әртүрлілікті тану және құндылық;

әркім өзін қабылдап, құрметтей алатын ортаны құру;

мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу;

этиканы сақтау;

әлеуметтік осал топқа жататын адамдарды қолдау;

кедергісіз орта құру;

7) Университет қауымдастығының барлық мүшелері Университетте қосу және қолдау ортасын құруды қамтамасыз ету үшін осы қағидаттарды күнделікті қызметінде сақтауы керек.

18. Тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді басқару:

1) Университет мердігер ұйымдардың экономикаға, экологияға және қоғамға теріс әсер етуіне байланысты тәуекелдерді анықтаған жағдайда, Университет мұндай әсерді тоқтатуға немесе алдын алуға бағытталған шараларды қабылдайды;

2) мердігер ұйым тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын қабылдамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, осындай ұйымның Университет үшін маңыздылығын ескеріп, оған ықпал ету шаралары және оны ауыстыру мүмкіндігі назарға алынады.

19. Тұрақты даму саласындағы ақпаратты жариялау:

1) тұрақты даму жөніндегі ақпарат Университеттің жылдық есебінің құрамында Директорлар кеңесінің қарауына енгізіледі және корпоративтік интернет-ресурста орналастыру және/немесе қағаз тасымалдағыштармен ұсыну арқылы мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі;

2) тұрақты даму саясатын мүдделі тараптардың назарына жеткізу мақсатында Университеттің интернет-ресурсында осы қызмет саласына арналған жеке парақша жүргізіледі.

8. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату

20. Осы Саясатты қайта қарау, оған өзгерістер енгізу, оны сақтау және тарату Университеттің «Құжаттаманы басқару» стандартының (УС-АсМУ-02) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Осы Саясаттың түпнұсқасы СҚО-да тіркеледі және сақталады.

22. Осы Саясаттың сканерленген нұсқасы Университет сайтында «Қызметкерге» және

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	С-АсМУ-21-24 № 1 басылым 13 беттің 10-беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тың тұрақты даму саясаты	

«Тұрақты даму» бөлімдерінде орналастырылады.

23. Университеттің осы Саясатының ескерілген көшірмелерін әзірлеуші барлық құрылымдық бөлімшелерге жібереді.

24. Әзірлеуші бекітілген Саясаттың электрондық нұсқасын PDF форматында СҚО-ға жібереді.




Келісу парағы

р/с №	Лауазымы	Т.А.Ә.	Келісу күні	Қолы
1.	Проректор, Басқарма мүшесі	В.В. Койков	30.07.2024	
2.	Проректор, Басқарма мүшесі	А.Б. Жунусова	05.08.2024	
3.	Проректор, Басқарма мүшесі	М.А. Газалиева	06.08.2024	
4.	Проректор, Басқарма мүшесі	Д.Д. Сайдангазин	05.08.2024	
5.	Қаржы директоры, Басқарма мүшесі	Б.И. Мараджапов	09.08.24	
6.	Атқарушы директор, Басқарма мүшесі	Н.Н. Маханбаева	09.08.2024	
7.	Басқарушы директордың міндетін атқарушы	А.С. Тиес	23.07.2024	
8.	Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	А.К. Мухамбетова	07.07.	
9.	Сапаны қамтамасыз ету орталығының басшысы	К.К. Асылаева	02.07.2024	
10.	Маркетинг және инвестициялық жобалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы	Р.О. Сабденова	23.07.2024	
11.	Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және мониторингілеу басқармасының басшысы	Д.Б. Таженов	02.07.2024	
12.	Академиялық қызметті жоспарлау және дамыту орталығының басшысы	А.К. Досанова	25.07.2024	
13.	Стратегиялық дамыту орталығының басшысы	Р.М. Уримов	02.07	
14.	Академик Е. Д. Даленов атындағы профилактикалық медицина институтының директоры	А.А. Абдулдаева	25.07.24	
15.	Қоғамдық денсаулық және гигиена кафедрасының меңгерушісі	Р.Қ. Сүлейменова	03.07	
16.	Мемлекеттік тілді дамыту тобының басшысы	Б.А. Орынбасарова		

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	С-АсМУ-21-24 № 1 басылым 13 беттің 12-беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тың тұрақты даму саясаты	

Өзгерістерді тіркеу парағы

№ р/с	Парақ нөмірлері (беттер)				Барлығы бет	Өзгерістер жататын стандарт бөлімінің, кіші бөлімінің, тармағының нөмірі	Өзгерістер енгізген тұлғаның қолы	Өзгеріс енгізілген күн
	Өзгертілген беттер	Ауыстырылған беттер	Жаңадан қосылған беттер	Күші жойылған беттер				



С-АсМУ-21-24
№ 1 басылым
13 беттің 13-беті

[illegible]